

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Үйлестіру комиссиясының ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Үйлестіру комиссиясының осы ережелері (бұдан әрі – Ереже) Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Үйлестіру комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) мақсаттарын және міндеттерін белгілейді.

2. Комиссия, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің (бұдан әрі – Департамент) консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін, өзге де нормативтік актілерді, сонымен қатар осы Ережені басшылыққа алады.

4. Комиссия тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы сұрақтар бойынша ұсыныстар және ұсынымдарды қарастыру, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік органдармен, соның ішінде, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен (қоғамдастықтармен, одақтармен) өзара әрекеттесу мақсатында құрылды.

5. Комиссияның құрамына келісім бойынша, комиссияға жүктелген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзырына міндеттерді шешу енетін ұйымдардың және мекемелер өкілдерінің кіруі мүмкін.

2. Комиссияның негізгі функциялары мен міндеттері

6. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік мекемелердің қызметтік салааралық үйлестіруін жүзеге асыру.

7. Комиссияның негізгі міндетіне:

1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында келісілген саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік мекемелердің жұмыстарын үйлестіру, азаматтарға тұтынушы құқықтары туралы насихаттау

және түсінік беру, сонымен қатар, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында ақпаратпен алмасу жүйесін құру;

3) тұтынушылардың құқықтарын қорғауға байланысты, проблемалық жүйелік сұрақтарға саралауды жүзеге асыру, сонымен қатар оларға шешім шығару бойынша ұсыныстарды және ұсынымдарды дайындау, соның ішінде тұтынушылардың құқықтарын жүзеге асыру мақсатында құқықтық, әкімшілік, экономикалық және ұйымдастырушылық кедергілерді жою;

4) тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы сұрақтар бойынша қоғамдық бірлестіктермен (қоғамдастықтармен, одақтармен) тиімді өзара әрекеттесу бойынша ұсыныстарды және ұсынымдарды енгізу.

3. Комиссияның құқықтары

8. Өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін комиссия өз құзыреті шегінде:

1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау сұрақтары бойынша мемлекеттік мекемелермен, үкіметтік емес ұйымдармен, соның ішінде қоғамдық бірлестіктермен (қоғамдастықтармен, одақтармен) өзара әрекеттесуге;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау сұрақтары бойынша мемлекеттік мекемелерден, үкіметтік емес ұйымдардан, соның ішінде қоғамдық бірлестіктерден (қоғамдастықтардан, одақтардан) белгіленген заңнамаға сәйкес ақпаратты алу мен сұрауға;

3) тұтынушылардың құқықтарын қорғау сұрақтары бойынша Комиссияның мәжілісіне мемлекеттік мекемелерден, үкіметтік емес ұйымдардан соның ішінде қоғамдық бірлестіктерден (қоғамдастықтардан, одақтардан) өкілдерді шақыру мен тыңдауға;

4) мемлекеттік мекемелерден тиісті мамандарды, отандық және шетелдік сарапшыларды, кеңес беруге және сараптама жүргізу үшін тартуға, сонымен қатар ведомствоаралық үйлестіру үшін жұмыс топтарын ұйымдастыруға;

5) Комиссияның құзырына кіретін, сұрақтар бойынша ұсыныстар және ұсынымдар енгізуге;

6) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында іс-шараларды өткізу бойынша қабылданған шаралармен байланысты, өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

4. Комиссия мүшелерінің құқықтары

9. Комиссия мүшелерінің:

1) Комиссия талқылауына енгізілген сұрақтар бойынша, баяндамамен шығу, ұсыныстар мен ескертулер ұсыну;

2) Комиссияның қарауына берілген сұрақтар бойынша дауыс беру;

3) Шешім шығарғанда Комиссияның әрбір мүшесі бір дауысқа ие болуға құқықтары бар.

10. Комиссияның мүшелері ерекше пікірге құқығы бар, осы жағдайда, жазбаша түрде баяндалған дауыс парақшасына қоса ұсынылуы тиіс.

5. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

11. Комиссияны Комиссияның төрағасы басқарады, ол оның қызметін басқарады, жиналыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, шешімдеріне жалпы бақылауды жүзеге асырады. Комиссия Төрағасы жоқ болған жағдайда оның міндетін Комиссия төрағасының орынбасары атқарады.

12. Комиссия, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің аясында, халық үшін құрылымдық білім (инфотека) базасын құруға қатысады.

13. Департамент Комиссияның жұмысшы органы болып табылады. Жұмысшы орган Комиссияның ұйымдастырушылық-техникалық жұмысын жүзеге асырады, соның ішінде Комиссия отырысының күн тәртібіне ұсыныстарды, керек құжаттар, мәліметтер дайындайды, Комиссияның отырысын өткізгенге дейін үш жұмыс күн бұрын Комиссияның мүшелеріне Хаттама жобасының қосымшасымен бірге жіберілуі тиіс.

14. Комиссияның отырысы Комиссияның төрағасымен немесе оның тапсырмасына сәйкес, төрағаның орынбасарымен қажеттілікке қарай жарты жылда бір реттен кем емес етіп шақыртылады. Комиссияның барлық мүшелерінен екіден үш қатысушы болған жағдайда, комиссияның отырысы заңды деп саналады. Егерде шұғыл шешім қабылдау керек болған жағдайда, төрағаның шақыртуымен Комиссияның кезектен тыс отырысы өткізіледі.

15. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы және егерде, Комиссияның жалпы саны мүшелерінің дауыстары көбірек берілген жағдайда, қабылданды деп есептеледі.

16. Егерде, дауыстар бірдей болған жағдайда, төрағаның берген дауысы қабылданды деп есептеледі.

17. Комиссияның отырысын өткізу туралы шешімге сәйкес, үш жұмыс күн ішінде хаттама құрылады, оған төраға және хатшы қол қояды. Хатшы Комиссияның мүшесі болып табылмайды.

18. Комиссияның Шешімі кепілдемелік сипатқа ие.